

Павлодар облысы Железин ауданының Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне жер салығының мөлшерлемесін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы

### ***Күшін жойған***

Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 наурыздағы № 357-5/49 шешімі. Павлодар облысының Эділет департаментінде 2016 жылғы 15 сәуірде № 5069 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 30 маусымдағы N 26/6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 30.06.2016 N 26/6 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 386-бабының 5-тармағына, 444-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Железинка аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Павлодар облысы Железин ауданының Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне жер салығының мөлшерлемесі 7 (жеті) есе жоғарылатылсын.
2. Павлодар облысы Железин ауданының Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне бірыңғай жер салығының мөлшерлемесі 7 (жеті) есе жоғарылатылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Железинка аудандық мәслихатының аграрлық мәселелер және экология бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихаттың хатшысы

C. Кантарбаев  
B. Крутиков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК